

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
"ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ:
ЖАҢА ЖАҒДАЙЛАР МЕН МІНДЕТТЕР"
(Қызылорда қаласы, 14 желтоқсан 2021 жыл)**

Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Қазақстанның білімі мен ғылымы: жаңа жағдайлар мен міндеттер" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференцияның мақсаты – жаңа сын-тегеуріндер тұрғысынан білім мен ғылымның қазіргі заманғы мәселелері мен даму үрдістерін талқылау.

Конференцияға қатысуға отандық және шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың басшылары, оқытушылары, ғалымдары, докторанттары, магистранттары және зерттеушілер мен практиктер шақырылады.

Конференция бағдарламасында пленарлық отырыс және секция бойынша талқылау қарастырылған.

Конференция қатысушыларына конференцияның толық бағдарламасы өтінімдер мен баяндамаларды қабылдау аяқталғаннан кейін жіберіледі.

Конференция материалдарын "Scopus" ғылымиметрикалық деректер базасында индекстелетін басылымда жариялау жоспарлануда.

Ұйымдастыру жарнасын "Scopus" базасының басылымдарында мақала жарияланғанға дейін төлеуге болады. Ұйымдастыру жарнасының көлемі қосымша жарияланады. Әр өтінім беру арқылы бір автордан бірнеше мақала/тезис қабылдануы мүмкін. Конференцияның редакциялық комитеті авторлар мен мақалаларды іріктеу құқығын өзіне қалдырады.

Материалдар 2021 жылдың 1 желтоқсанына дейін қабылданады.

Конференцияның өтетін орны мен уақыты:

Пленарлық отырыс 2021 жылдың 14 желтоқсанында Қызылорда қаласы, И.Жақаев көшесі, 67 мекен жайындағы Студенттер сарайында өтеді.

Конференцияға қатысу формасы мен шарттары:

Конференция тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға келесі формаларда қатысуға рұқсат етіледі:

- оффлайн: баяндама жасау, стендтік баяндама, қатысу баяндамаларды талқылау, пікірталастар;

- онлайн: баяндама жасау, ғылыми мақаланы жариялау.

Қатысушыларға конференцияға қатысқаны туралы сертификат және материалдар жинағы электронды түрде жіберіледі.

Конференцияға қатысуға өтінім беру тәртібі және қатысушыларды тіркеу:

Конференцияға қатысу үшін 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұйымдастыру комитетіне электрондық түрде қатысуға өтінімді ұсыну қажет:

1 - секцияның хатшысына - "Пандемия жағдайындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім: жаңа бағдар мен шынайлық" - Сақтағанова Наргүл Амановна, эл.пошта: amanovna.75@mail.ru

2 секцияның хатшысы - "ЖОО-ның ғылыми - инновациялық қызметі: заманауи шешімдер мен үрдістер" - Абуова Набат Ауелбековна, эл.пошта: nabat_71@mail.ru

3 - секцияның хатшысына - "Гуманитарлық жаңғыру және адами әлеуетті дамыту: құндылықтар мен басымдықтар" - Сапарқызы Жаннат, эл.пошта: 793@mail.ru

Қатысушының өтінімі (№1 қосымша) және баяндаманың тезистері немесе ғылыми мақала (авторларға арналған қолжазбаларды ресімдеу жөніндегі Нұсқаулық № 2 қосымша) хатқа файлдар тіркелген түрінде беріледі, олардың атауында: секция нөмірі және қатысушының тегі қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде қамтылуы тиіс (Мысал: "2.Асанов.өтінім.doc», «2.Асанов.баяндама.doc», «2.Асанов. мақала.doc»).

Қосымша ақпарат:

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 а, "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ бас оқу ғимараты.Тел.+7 (7242) 26-33-01, 27-60-27, 27-02-11, 26-15 -57.

1 қосымша

«Қазақстанның білімі мен ғылымы: жаңа жағдайлар мен міндеттер» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысушы үшін сауалнама-өтінім (Қызылорда, 14 желтоқсан 2021 ж.)

1. Қатысушы туралы ақпарат	
Аты жөні	
Мәртебесі: оқытушы, ғалым, магистрант, докторант, т.б	
Жұмыс /оқу орны: толық немесе ЖОО-ның қысқартылған аты, мекеме, ұйым аты	
Мекен жайы: ЖОО (институт, факультет), мекеме, ұйым	
Қызметі	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Құрметті, арнайы атағы	
Е-mail: (конференция бағдарламасы мен шақыру қағазын жіберу үшін)	
Байланыс телефоны/факс	
Арнайы шақырту қажеттілігі және оны жолдау әдісі факс, e-mail	
2. Ғылыми жетекші туралы ақпарат (тек магистранттар мен докторанттар үшін)	
Аты жөні	
Жұмыс/оқу орны, (ЖОО, институт, факультет, кафедра) қызметі	
Ғылыми дәрежесі	
Ғылыми, арнайы атағы	
3. Қатысу нысаны туралы ақпарат	
Қатысу нысаны: офлайн (баяндама жасау, стендтік баяндама немесе пікірталасқа қатысу), онлайн	
секция нөмірі мен атауы	
Баяндама (мақала) атауы	
Презентацияның болуы (экранды пайдалану қажеттілігі): иә / жоқ	
4. Басқа қаладан келген қатысушылар туралы қосымша ақпарат	
Қызылорда қаласына келу уақыты	
Қызылорда қаласынан кету уақыты	
Қонақ үй брондау қажеттілігі: иә/жоқ	
Қосымша тілектер	

1-3 бөлім өрістерін толтыру міндетті.

Қосымша 2

Мақалаға қойылатын талаптар:

Мақала авторлары өздерінің ғылыми жұмыстарын жариялау үшін Vestnik.korkyt.kz сайтындағы Онлайн мақала жіберу жүйесі арқылы, арнайы нұс-қаулықты пайдаланып жіберуге болады (сонымен қатар, e-mail: khabarshy@korkyt.kz электронды поштасы арқылы қабылдау да қосымша жүргізіліп отырады). Мақала Word форматында Times New Roman шрифтінде жазылуы қажет. Жарияланым тілдері – қазақша, орысша, ағылшынша.

1. Мақала көлемі 8 беттен аспауы тиіс.

2. Мақаланы құру схемасы (беті – А4, кітаптық бағдар, туралау – ені бойынша. Сол жақ, үстіңгі және төменгі жақтарындағы ашық жиектері – 2,5 см, оң жағында – 2,0 см. Шрифт: тип – Times New Roman, өлшемі (кегль) - 12);

- МРНТИ индексі – бірінші жолы, жоғарыдан, сол жақта (<http://grnti.ru>); оң жақта – журналдың doi индексі (префикс және суффикс)

- мақала атауы – ортасына қалың қаріппен;

- автор(лардың)дың аты-жөндерінің бірінші қарпі мен тегі – ортаға 11-шрифт;

- ұйым, қала, елдің толық атауы (егер авторлар түрлі ұйымдарда жұмыс істесе авторлардың тегінің жанына бірдей таңба және тиісті ұйымды қою қажет) – ортаға, курсив – 11-шрифт;

- аңдатпа түп нұсқа тілінде (150-300 сөз; мақала құрылымын сақтай отырып), өлшемі (кегль) – 11-шрифт;

- кілт сөздер – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде (3-5 сөз/сөз тіркестері), өлшемі - (кегль) 11-шрифт;

- Негізгі мәтін (аралық интервал - 1, «азат жол» - 1,25 смб 12-шрифт) құрылымы төмендегідей болады:

3.Кіріспе: тақырыптың таңдалуын негіздеу, тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі, объектіні, тақырыпты, мақсаттарды, міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезалар мен жұмыстың маңыздылығын анықтау;

4. Әдебиетке шолу: шетел авторларының ағылшын тіліндегі зерттеліп отырған тақырыбы бойынша іргелі және жаңа еңбектер, осы еңбектерді олардың ғылыми үлесі тұрғысынан талдау, сондай-ақ өз мақаласында толықтыратын зерттеудегі олқылықтар қамтылуға тиіс. Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілтемелердің болуына немесе автор өз жетістіктері туралы орынсыз пікірлер, алдыңғы жұмыстарға сілтемелер жасауына тыйым салынады;

5. Зерттеу материалдары мен әдістері: материалдар мен жұмыс барысы сипаттамасынан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс. Бұл бөлімде мәселенің қалай зерттелгені сипатталады: бұрын жарияланған белгіленген рәсімдерді қайталамай-ақ егжей-тегжейлі ақпарат; материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде жаңалықты міндетті түрде енгізе отырып, жабдықты (бағдарламалық жасақтаманы) сәйкестендіру және материалдарды сипаттау қолданылады;

Кестелер, суреттер айтылғаннан кейін орналастырылуы керек. Әр иллюстрациямен жазу (өлшемі (кегль) – 11) болуы керек. Суреттер анық, таза, сканерленбеген болуы керек.

Мақала мәтінінде сілтемелер бар формулалар ғана нөмірленеді. Жалпыға мәлім аббревиатуралар мен қысқартуларды қоспағанда, барлық аббревиатуралар мен қысқартулар мәтінде бірінші рет қолданылған кезде ашып жазылуы тиіс. Мәтінде сілтемелер тік жақшада көрсетіледі. Сілтемелер мәтінде қатаң түрде нөмірленуі керек. Мәтіндегі әдебиетке бірінші сілтемеде [1], екіншісі - [2] және т. б. нөмірі болуы тиіс. Мақаланың негізгі мәтініндегі кітапқа сілтеме пайдаланылған беттерді (мысалы, [1, 45 бет]) көрсетумен қоса берілуі тиіс. Жарияланбаған жұмыстарға сілтеме жасауға жол берілмейді. Лицензияланбайтын басылымдарға сілтеме жасауға жол берілмейді.

6.Нәтижелер/талқылау: зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау келтіріледі.

7. Қорытынды/қорытындылар: осы кезеңдегі жұмысты қорытындылау; автор айтқан ұсынылған тұжырымның ақиқатын растау. Қорытындылар белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін жалпылау үшін, ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолданылуы керек. Жұмысты қаржылық қолдау туралы ақпарат бірінші бетте сілтеме түрінде көрсетіледі

8. Әдебиеттер тізімі (өлшемі (кегель) – 11, пайдаланылған әдебиеттер саны – 15-тен кем болмауы қажет): әдебиеттер тізімі алфавиттік ретпен ұсынылады, тек мәтінде келтірілген жұмыстар. Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған алфавитпен (транслитерация).

Романизацияланған әдебиеттер тізімі келесі түрде көрінуі керек: автор (лар) (транслитерация) → (жақшадағы жыл)→транслитерацияланған нұсқадағы мақала атауы [мақала атауын ағылшын тіліне квадрат жақшамен аудару], орыс тіліндегі дереккөздің атауы (транслитерация немесе ағылшын атауы-бар болса), ағылшын тіліндегі белгілері бар. Мысалы: Chicago Style бойынша:

Gokhberg L., Kuznetsova T. (2011) Strategiya-2020: Novye kontury rossiiskoi innovatsionnoi politiki [Strategy 2020: New Outlines of Innovation Policy]. Foresight-Russia, vol. 5, no 4, pp. 8–30.

ГОСТ бойынша Кохберг Л., Кузнецова Т. Стратегия-2020: Новые контуры российской инновационной политики // Foresight-Russia. – Т. 5, № 4. – С. 8-30.

Қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу стилі ГОСТ 7.1-2003 сәйкес: «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

Романизацияланған әдебиеттер тізімін, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарға арналған ағылшын (басқа шет) тіліндегі дереккөздерді безендіру стилі– American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>), жаратылыстану және техникалық бағыттар үшін-Chicago Style (www.chicagomanualofstyle.org).

9. Авторлар туралы мәліметтер: (автордың(лардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, байланыс деректері: телефоны, эл.пошта, орсид номері) 3 тілде.